

2008 жылға арналған республикалық бюджеттен облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне денсаулық сақтауға бөлінетін ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану ережесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы N 67 Қаулысы

"2008 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 6 желтоқсандағы Заңының 11 және 16-баптарын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қоса беріліп отырған 2008 жылға арналған республикалық бюджеттен облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне денсаулық сақтауға бөлінетін ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану ережесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі бекітілген ағымдағы нысаналы трансферттердің сомасын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне аударуды қамтамасыз етсін.

3. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері:

1) бөлінген ағымдағы нысаналы трансферттердің сомасын уақтылы және нысаналы п а й д а л а н у д ы ;

2) бөлінген ағымдағы нысаналы трансферттердің сомасын пайдалану туралы есептерді Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігіне есепті айдан кейінгі айдың 15-күніне дейін беруді қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулы 2008 жылғы 1 ақпаннан бастап қолданысқа енгізіледі және жариялануға тиіс.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 8 ж ы л ғ ы

2 5

қ а ң т а р д а ғ ы

N 6 7

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

2008 жылға арналған республикалық бюджеттен облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне денсаулық сақтауға бөлінетін ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану ережесі

1. Осы 2008 жылға арналған республикалық бюджеттен облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне денсаулық сақтауға бөлінетін

ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану ережесі (бұдан әрі - Ереже) республикалық бюджеттен облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне денсаулық сақтауға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттерді мынадай республикалық бюджеттік бағдарламалар бойынша пайдалану тәртібін а й қ ы н д а й д ы :

1) 027 "Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне жаңадан пайдалануға берілетін денсаулық сақтау объектілерін ұстауға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер";

2) 028 "Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне дәрілік заттарды, вакциналарды және басқа да иммундық-биологиялық препараттарды сатып алуға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер";

3) 038 "Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне денсаулық сақтаудың медициналық ұйымдарын жергілікті деңгейде материалдық-техникалық жарақтандыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер "

4) 041 "Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне жергілікті деңгейде қан орталығын материалдық-техникалық жарақтандыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер".

2. Ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына және мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі 2008 жылғы 1 ақпанға д е й і н г і м е р з і м д е :

1) 2008 жылға арналған болжамды бағаларды ескере отырып, аурулар түрлерінің тізбесі мен амбулаториялық және стационарлық емдеу кезінде дәрілік заттардың, вакциналардың және басқа медициналық иммундық-биологиялық препараттардың бірыңғай номенклатурасын, сондай-ақ олардың көлемін айқындайды;

2) уәкілетті орган бекіткен медицина техникасымен және медициналық мақсаттағы бұйымдармен жарақтандырудың ең төмен нормативтерінің (стандарттарының) шеңберінде жергілікті деңгейдегі медицина ұйымдары мен мемлекеттік қан орталықтарына арналған медициналық жабдықтар мен медициналық мақсаттағы бұйымдардың тізбесін денсаулық сақтауды жергілікті мемлекеттік басқару органдарымен келіседі.

4. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі вакциналар мен басқа да медициналық иммундық-биологиялық препараттарды, диабетке қарсы препараттарды, туберкулезге қарсы препараттарды, онкологиялық сырқаттарға химиялық препараттарды сатып алу жөнінде, облыстық және қалалық ауруханалар, аудандық және қалалық емханалар, бастапқы медициналық-санитарлық көмек орталықтары, туберкулезге қарсы қызмет, облыстық және қалалық балалар ауруханалары, босандыру

ұйымдары үшін рентген флюорографиялық стационарлық цифрлық, рентген диагностикалық стационарлық цифрлық, көп функциялы рентген диагностикалық, өкпені жасанды желдету, ингаляциялық наркозға арналған, ультрадыбыстық диагностика аппараттарын, ультрадыбыстық диагностикалық сканерлерді, инкубаторларды (кювездерді), операциялық микроскоптарды, магнитті резонансты томографтарды, компьютерлік томографтарды, кардиохирургиялық орталықтар (бөлімшелер) үшін жабдықтарды, онкологиялық ұйымдар үшін рентген-сәулелі аппараттарын, сондай-ақ жедел медициналық көмек қызметі үшін қымбат тұратын реанимобильдерді, санитарлық авиация қызметі үшін неонаталдық реанимобильдерді сатып алу жөніндегі конкурстардың бірыңғай ұйымдастырушысы болады.

Конкурстық комиссияның құрамына облыстық, Астана және Алматы қалаларының денсаулық сақтауды басқару (диабетке қарсы препараттарды, туберкулезге қарсы препараттарды, онкологиялық сырқаттарға химиялық препараттарды сатып алу кезінде, облыстық және қалалық ауруханалар, аудандық және қалалық емханалар, бастапқы медициналық-санитарлық көмек орталықтары, туберкулезге қарсы қызмет, облыстық және қалалық балалар ауруханалары, босандыру ұйымдары үшін рентген флюорографиялық стационарлық цифрлық, рентген диагностикалық стационарлық цифрлық, көп функциялы рентген диагностикалық, өкпені жасанды желдету, ингаляциялық наркозға арналған, ультрадыбыстық диагностика аппараттарын, ультрадыбыстық диагностикалық сканерлерді, инкубаторларды (кювездерді), операциялық микроскоптарды, магнитті резонансты томографтарды, компьютерлік томографтарды, кардиохирургиялық орталықтар (бөлімшелер) үшін жабдықтарды, онкологиялық ұйымдар үшін рентген-сәулелі аппараттарын, сондай-ақ жедел медициналық көмек қызметі үшін қымбат тұратын реанимобильдерді, санитарлық авиация қызметі үшін неонаталдық реанимобильдерді мемлекеттік сатып алу кезінде) және санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау (вакциналар мен басқа да медициналық иммундық-биологиялық препараттарды сатып алу кезінде) органдарының өкілдері кіреді.

5. Денсаулық сақтауды жергілікті мемлекеттік басқару органдары облыстық және қалалық ауруханалар, аудандық және қалалық емханалар, бастапқы медициналық-санитарлық көмек орталықтары, туберкулезге қарсы қызмет, облыстық және қалалық балалар ауруханалары, босандыру ұйымдары үшін рентген флюорографиялық стационарлық цифрлық, рентген диагностикалық стационарлық цифрлық, көп функциялы рентген диагностикалық, өкпені жасанды желдету, ингаляциялық наркозға арналған, ультрадыбыстық диагностика аппараттарынан, ультрадыбыстық диагностикалық сканерлерден, инкубаторлардан (кювездерден), операциялық микроскоптардан, магнитті резонансты томографтардан, компьютерлік томографтардан, кардиохирургиялық орталықтар (бөлімшелер) үшін жабдықтардан, онкологиялық ұйымдар үшін рентген-сәулелі аппараттарынан, жедел медициналық

көмек қызметі үшін қымбат тұратын реанимобильдерден, санитарлық авиация қызметі үшін неонаталдық реанимобильдерден басқа, АИТВ жұқтырған және ЖҚТБ-мен ауыратын балаларды емдеу үшін, лейкемиямен ауыратын балалар үшін дәрілік заттарды сатып алу жөніндегі, қан орталықтары үшін жабдықтарды, жергілікті деңгейдегі денсаулық сақтау ұйымдары үшін жабдықтар мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды мемлекеттік сатып алу жөніндегі конкурстардың ұйымдастырушылары болып әрекет етеді.

5-1. Гемофилиямен ауыратын ересектерді емдеу кезінде қанды ұйытатын VIII факторды мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушылар денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдары болады.

Ескерту. 5-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2008.11.27. N 1097 Қаулысымен.

6. Мемлекеттік қабылдау комиссиясының заңнамада белгіленген тәртіппен объектіні пайдалануға беруінің бекітілген актісі облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне жаңадан іске қосылатын денсаулық сақтау объектілерін ұстауға ағымдағы нысаналы трансферттер бөлу үшін шарт болып табылады.

Ағымдағы нысаналы трансферттер күрделі сипаттағы шығыстарды қоспағанда, жаңадан іске қосылатын денсаулық сақтау объектілерін ұстауға байланысты ағымдағы шығыстарға пайдаланылады.

Денсаулық сақтауды жергілікті мемлекеттік басқару органдары объектіні пайдалануға беру кешіктірілген жағдайда 2008 жылғы 1 тамыздан кешіктірілмейтін мерзімде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігіне тиісті қаржы жылына арнап бекітілген сома шегінде қаражатты қайта бөлу туралы ұсыныстар енгізуі мүмкін.

7. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне ағымдағы нысаналы трансферттерді міндеттемелер мен төлемдер бойынша қаржыландыру жоспарларына сәйкес аударуды жүргізеді.

8. Осы Ережеге қосымшаға сәйкес тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің медицина ұйымдарының арасында медициналық жабдықтар мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды бөлуді ағымдағы нысаналы трансферттердің сомасын пайдалану бағыттарына сәйкес денсаулық сақтауды жергілікті мемлекеттік басқару органдары жүзеге асырады.

9. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімде Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігіне есептілік береді.

2008 жылға арналған республикалық бюджеттен облыстық бюджеттерге,

Астана және Алматы қалаларының
бюджеттеріне денсаулық сақтауға
бөлінетін ағымдағы нысаналы
трансферттерді пайдалану ережесіне
қосымша

*Ескерту. Қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2008.11.27. N 1097
Қаулысымен.*

**2008 жылы облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының
бюджеттеріне жергілікті деңгейдегі денсаулық сақтау ұйымдарын
материалдық-техникалық жарақтандыруға берілетін ағымдағы
нысаналы трансферттердің сомаларын бөлу
мың теңге**

Өңірлердің атаулары	Ауылдық дәрігерлік амбулаторияларды, БМСК орталықтарын, ауылдық және қалалық жерлердегі емханаларды медициналық жабдықтармен жарақтандыру				
	Оның ішінде				
	ауылдық дәрігер- лік амбула- ториялар	БМСК орталық -тары	ауылдық жерлер- дегі емхана- лар	қалалық емхана- лар	БМСК үшін барлығы
1	2	3	4	5	6
Ақмола	20 830	76 958	27 560	13 780	139 128
Ақтөбе	3 800	0	41 340	13 780	58 920
Алматы	3 690	50 072	0	0	53 762
Атырау	37 576	8 949	0	0	46 525
ШҚО	9 992	7 420	0	0	17 412
Жамбыл	17 345	170 296	0	13 780	201 421
БҚО	7 768	33 757	13 780	13 780	69 085
Қарағанды	5 130	10 388	0	41 340	56 858
Қостанай	51 768	0	68 900	41 340	162 008
Қызылорда	107 414	112 092	55 120	13 780	288 406
Маңғыстау	2 103	113 585	13 780	0	129 468
Павлодар	4 172	0	0	0	4 172
СҚО	71 967	18 493	27 560	13 780	131 800
ОҚО	0	0	68 900	68 900	137 800

Алматы қаласы	0	64 546	0	0	64 546
Астана қаласы	0	0	0	0	0
Жиыны	343 555	666 556	316 940	234 260	1561311

кестенің жалғасы

Өңірлер- дің атаулары	БМСК ұйымдарын жарақтандыру		санитарлық		автокөлікпен		
	оның ішінде						БМСК мен ЖМЖҚ үшін
	ауыл- дық дәрі- гер- лік амбу- лато- рия- лар	қала- лық дәрі- гер- лік амбу- лато- рия- лар	БМСК орта лық- тары	ауыл -дық жер- лер- дегі емха- налар	қала- лық емха- налар	жедел және шұғыл меди- цина- лық жәр- де м стан- ция- лары (бөл- імше- лері)	
1	7	8	9	10	11	12	13
Ақмола	16 100		0	11270	9 660	60128	97 158
Ақтөбе	16 100		0	11270	8 400	0	35 770
Алматы	8 050		20930	16100	16100	44000	105 180
Атырау	8 050		8 050	8 050	8 050	22000	54 200
ШҚО	24 150	16335	0	16100	7425	10080	74 090
Жамбыл	24 150		17 820	17210	12 880	22000	94 060
БҚО	16 100	14 850	8 910	11270	14 850	15180	81 160
Қарағанды	22 540	22 275	0	16100	17 820	0	78 735
Қостанай	21 000		2 300	2 970	10 500	94600	131 370
Қызылорда	16 100		4 830	3 220	1 610	52064	77 824
Маңғыстау	0	4 455	5 520	8 050	0	44000	62 025
Павлодар	1 610	4 455	2016	10080	10 395	6 048	34 604
СҚО	16 100		1 610	7 002	10 395	78352	113 459
ОҚО	24 150	7 425	0	16100	10 395	40360	98 430
Алматы қаласы	0		11 750	0	41060	45540	98 350
	0	5 940	0	0	31 650	54080	91 670

Астана қаласы							
Жиыны	214200	75735	83736	154792	211190	588432	1328085

кестенің жалғасы

Өңірлердің атаулары	Туберкулезге қарсы мекемелерді жарақтандыру	Балалар мен босандыру ұйымдарының жарақтану деңгейін медициналық жабдықтармен және медициналық мақсаттағы бұйымдармен жарақтандырудың ең төмен нормативіне дейін жеткізу			Қалалық және облыстық ауруханаларды медициналық жабдықтармен және медициналық мақсаттағы бұйымдар мен жарақтандыру
		оның ішінде			
		балалар ауруханалары	перинаталдық орталықтар, АОА, АА, ҚА, ОА жанындағы перзентхана-лар мен босандыру бөлімшелері	Барлығы	
1	14	15	16	17	18
Ақмола	0	59 300	130 500	189 800	62 020
Ақтөбе	119 135	80 100	286 380	366 480	74 970
Алматы	0	39 000	123 500	162 500	18 200
Атырау	151 635	54 200	134 860	189 060	74 720
ШҚО	0	92 600	267 980	360 580	74 720
Жамбыл	156 000	59 300	146 100	205 400	104 670
БҚО	349 135	27 030	141 960	168 990	73 950
Қарағанды	257 235	61 600	137 700	199 300	44 970
Қостанай	0	66 700	141 250	207 950	16 500
Қызылорда	519 633	18 030	151 050	169 080	104 420

Маңғыстау	113 435	46 330	146 100	192 430	18 020
Павлодар	0	54 600	133 440	188 040	62 020
СҚО	0	50 330	135 570	185 900	0
ОҚО	0	42 370	218 620	260 990	55 350
А л м а т ы қ а л а с ы	0	54 270	171 260	225 530	62 020
А с т а н а қ а л а с ы	0	40 400	114 730	155 130	11 000
Жиыны	1666208	846160	2581000	3427160	857 550

кестенің жалғасы

Өңірлер- д і ң атаулары	Онко- логия -лық ұйым- дарды рент- ген- сәуле- л і аппа- ратта- рымен жарақ- т а н - дыру	МРТ, К Т жарақ -тан- дыру	Кар- дио- хиру- ргия- л ы қ орта- лық- тарды (бөл- імше- лерді) жарақ- т а н - дыру	Шунт- тар- мен жарақ-тан - дыру	Сани- тарлық авиация қызме- т і н сани- тарлық автокө- лікпен жарақ- тандыру	Барлығы
1	19	20	21	22	23	24
Ақмола	360400	0	261574	0	22 000	1132080
Ақтөбе	0	0	0	0	22 000	677 275
Алматы	0	0	484914	0	22 000	846556
Атырау	69 960	0	258864	0	22 000	866964
ШҚО	0	467500	297674	0	22 000	1313976
Жамбыл	217300	0	0	0	22 000	1000851
БҚО	0	0	484913	0	22 000	1249233
Қарағанды	69 960	350000	421429	0	22 000	1500487
Қостанай	143100	376000	261574	0	22 000	1320502
Қызылорда	143100	0	0	0	22 000	1324463
Маңғыстау	143100	0	0	0	22 000	680478
Павлодар	0	0	261574	0	22 000	572410

СҚО	0	467500	484913	0	22 000	1405572
ОҚО	174900	467500	297674	0	22 000	1514644
Алматы қаласы	0	0	226050	6 500	0	682996
Астана қаласы	143000	0	0	0	0	400800
Жиыны	1464820	2128500	3741153	6 500	308 000	16489287

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК